

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ – ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ ТҰРҒЫДАН ӨСУІ ҮШІН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АШЫП, ОЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН КЕҢЕЙТЕ ТҮСЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР МЕН КӘСІПОРЫНДАР АРАСЫНДА ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУДІ ЫНТАЛАНДЫРАДЫ. АЛ ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ ТҮСІМЕН HR БЛОГЫ АЙНАЛЫСАДЫ. СОЛ СЕБЕПТІ БҮЛ ЖАУАПТЫ МИССИЯНЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ОРЫНДАУ ҮШІН HR ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ӘРҚАШАН ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕРДЕН ХАБАРДАР БОЛЫП ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАНА БІЛУЛЕРІ КЕРЕК.



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің HR бизнес-серіктесі

Асқар НАСЫРОВ,



№12 (2829)
17/02/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ДЕКАДА ПРОШЛА ПРОДУКТИВНО

«Дорожная карта по обеспечению перевозок угля на 2022-2023 годы» исполняется в срок и качественно. Так, в АО «НК «ҚТЖ» благодаря слаженной работе в первой декаде февраля выросла погрузка угля и зерна.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Общая погрузка за первую декаду февраля 2023 года по сети АО «НК «ҚТЖ» составила 6,9 миллиона тонн груза. Погружено 335 тысяч тонн зерна, в том числе по Казахстану – 76,2 тысячи тонн (150,8% к факту аналогичного периода прошлого года).

Перевезено 3,2 миллиона тонн угля, в том числе по Казахстану – 2,3 миллиона тонн твердого топлива (103,1% к факту аналогичного периода прошлого года). Погрузка угля – на ежесуточном контроле. Согласно заявкам грузоотправителей, организовано обеспечение подвижного состава в полном объеме.

Компанией в преддверии наступления отопительного сезона была утверждена «Дорожная карта по обеспечению перевозок угля на 2022-2023 годы». Согласно ей, ведутся заблаговременное планирование, маршрутизация перевозок, подготовка вагонного и локомотивного парка.

Кроме того, с июля прошлого года организован оперативный штаб по перевозке угля, в отделениях ГП – мониторинговые группы. На ежесуточной основе проводятся заседания штаба, на которых совместно с грузоотправителями



решаются возникающие вопросы, выполнение оборота и сокращение простоев вагонов под грузовыми операциями.

Ведется ежесуточный контроль по обеспечению заявок грузоотправителей, за выполнением оборота вагонов и мониторинг остатков запаса твердого топлива на складах ТЭЦ. Особое внимание уделяется вопросам сокращения простоев под грузовыми операциями и оборота вагонов.

Для сокращения времени оборота вагонов совместно с угольными разрезами организованы кольцевые и отправительские маршруты. – ҚТЖ в плановом режиме выполняет обяза-

тельства по вывозу угля. Все вопросы с грузоотправителями оперативно решаются в рабочем порядке, – отметил заместитель генерального директора по маркетингу и планированию ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Нуржан Кельбуганов.

На постоянной основе проходят заседания оперативного штаба ҚТЖ по перевозке угля с участием представителей угольных разрезов, отделений ГП, заинтересованных госструктур, где обсуждаются вопросы своевременной доставки потребителям социально значимого груза.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ДАМИДЫ

Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Дидье Канесспен кездескен ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев көлік және қорғаныс өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық жобаларын іске асыру бойынша пікір алмасты.

Кейінгі жылдары Қазақстанда Alstom, Idemia, Tav Airports Holding, Airbus, IVECO және Saint-Gobain компанияларымен бірлескен жобалар табысты іске асырылып жатқаны мәлім. Осы жұмыстың аясында әуе кемелері мен арнайы автокөлік техникасын, электровоздар және бағыттамалы электр жетектерін жеткізіп, құрастыру, заманауи қауіпсіздік жүйелерін енгізу, сондай-ақ теміржол қозғалысы мен құрылыс материалдарын өндіру саласында жемісті әріптестік байланыс жолға қойылған.

Марат Қарабаев айтқандай, Франция Қазақстанның экономикасына инвестиция салатын ірі инвесторлардың бестігіне кіреді. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы тауар айналымы 30,3%-ке өсіп, 4 млрд долларға жеткен. «Франция – еліміздің стратегиялық серіктесі және бұл мемлекетпен сенімді достық қарым-қатынасымыз орнаған. Қазақстанда француздық капиталдың қатысуымен 170-тен астам компания жұмыс істейді. Оның ішінде Total, Orano, Alstom, Danone, Vicat, Saint Gobain және тағы да басқа транс-ұлттық компаниялар бар», – деді ҚР ИИДМ басшысы.

Ұлан ОРАЗ

ОТВЕЧАТЬ НА ВЫЗОВЫ



С начала года на сервисах совместного предприятия железных дорог России, Казахстана и Беларуси проследовало 87,1 тысячи ДФЭ.

В минувшем году объем грузоперевозок Евразийского железнодорожного альянса, обеспечивающего доставку контейнеров между Китаем и Европой по территории Казахстана, России и Беларуси, составил 681,2 тысячи ДФЭ.

– В наступившем 2023 году торговые связи внутри Содружества будут только нарастать, но железнодорожная сеть отвечает на вызовы грузовладельцев с трудом, на пределе собственных возможностей, – считает генеральный директор – председатель правления АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром. – Запаса пропускной способности нет. И не хотелось бы в сезон высокого спроса отказывать клиенту: если грузовладелец получил отказ от перевозчика, то он почти никогда не возвращается на инфраструктуру.

Напомним, в связи с изменившейся геополитической обстановкой и отходом европейских игроков работать с Россией транзитные перевозки по маршруту Китай – Европа и в обратном направлении снизились на 30-35%. Большинство грузов переориентировано на другие маршруты через Казахстан, в частности ТМТМ.

Любовь РОВБА

Кеңес

ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАТАНДАТЫЛУЫ ҚАЖЕТ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да Компанияның қозғалыс қауіпсіздігіне жауапты басшылар мен желілік құрылымдық бөлімшелер жетекшілері және көліктегі ІІД өкілдері қатысқан кеңес өтіп, онда теміржол көлігіндегі өндірістік емес жарақаттануды азайту мәселесі сөз болды.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Кеңеске төрағалық еткен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры Марат Шақеновтің айтуынша, ҚР ИИДМ мен ҚР ІІМ арасындағы 2022-2026 жылдарға арналған Жол картасы шеңберінде теміржолшылар ІІД-мен тығыз байланыста жұмыс істеп, ҚТЖ-ға қарасты магистральдық объектілерде адамдардың жарақаттануының алдын алу үшін тұрақты түрде ұйымдастырушылық-техникалық шаралар өткізіп келеді. Мысалы,

бүгінде станцияларда 300 км жол бойына қоршаулар орнатылған. 2024 жылдың соңына дейін Астана – Ақтөбе, Астана – Атырау, Астана – Зашита, Алматы – Маңғыстау, Алматы – Жезқазған, Астана – Орал телімдеріндегі теміржолдар бойына тағы 100 шақырымнан астам қоршау орнату жоспарланған.

– Теміржол бойында адамдардың пойыз астына түсіп қалуы теміржолшылардың осы бағытта атқарып жатқан ауқымды жұмыстарына қарамастан азаяр емес. 2022 жылдың жұмыс қорытындысына келсек, локомотив бригадалары-

ның шұғыл тежегіш қолдануының арқасында 2000-нан астам адамды пойыз басып кетудің алды алынды. Бөгде адамдардың жол бойында жарақаттануының негізгі себебі – олардың қауіпті аймақта ереже бұзып сақтық жасамауы. Әсіресе Алматы, Шымкент, Ақмола, Қызылорда жол бөлімшелері аумағында мұндай жайттар көп тіркеледі. Бүгінгі жиынға осы төрт бөлімше басшылары онлайн режимде қатысып отыр, – деді Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры.

(Жалғасы 2-бетте)



Мурат Осанов,
начальник КЭЦ Алматы:

ТОЛЬКО ЗА ПРОШЛЫЙ ГОД КЭЦ АЛМАТЫ ОТПРАВИЛ ГОТОВУЮ ПРОДУКЦИЮ НА СУММУ 135 МЛН 888 ТЫСЯЧ ТЕНГЕ ВАГОННЫМ ДЕПО АЛМАТЫ, АСТАНЫ, УРАЛЬСКА, АТЫРАУ, КОСТАНАЯ, АРЫСА И ЖАМБЫЛА. ПРЕДПРИЯТИЕ СПЕЦИАЛИЗИРУЕТСЯ НА ИЗГОТОВЛЕНИИ ОБОРУДОВАНИЯ, ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ ОСНАСТКИ И ИНВЕНТАРЯ ДЛЯ ПРЕДПРИЯТИЙ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ 1 НАУРЫЗДАН БАСТАП КОМПАНИЯ ӨНДІРІСТІК ПЕРСОНАЛДАР ҮШІН ЕҢБЕКАҚЫНЫ ҚОСЫМША

15%

ӨСІРҮДІ ЖОСПАРЛАП ОТЫР.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-НЫҢ ЖОЛАУШЫЛАР ВАГОН ПАРКІ 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІН

850

ЖАҢА ВАГОНМЕН ТОЛЫҒАДЫ.

КОМПАНИЯ БОЙЫНША БЫЛТЫР ҚОЛ ЕҢБЕГІН ЖЕҢІЛДЕТЕТІН

220

МЕХАНИКАЛАНДЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ САТЫП АЛЫНДЫ.

СОЮЗ НАУКИ И ПРОИЗВОДСТВА

Главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев встретился со студентами старших курсов Академии логистики и транспорта. В ходе лидерской лекции он рассказал ребятам, как проходит подготовка будущих специалистов для транспортно-коммуникационного комплекса страны.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В частности, речь шла о конкурентоспособных специалистах, которые будут востребованы на рынке транспортных услуг. Ведь в дальнейшем выпускникам придется работать на производстве, решать вопросы оптимизации всех видов перевозок, осуществлять контроль за выполнением договорных обязательств со сто-

роны клиентов и экспедиторских фирм, поэтому без тесной связи с производством не обойтись.

– Будущему специалисту нужно развивать предпринимательский талант, использовать информационно-интеллектуальные ресурсы, успешно реализовываться в быстро меняющихся условиях, быть разносторонней и спортивно ориентированной личностью. Правильно подобранные кадры играют определяющую роль



в функционировании любого предприятия, и высококвалифицированный персонал приносит успех, – отметил Батыр Котырев.

Сегодня главной задачей образовательной политики академии на современном этапе является обеспечение качества образования. Соответственно,

использование современных технологий является обязательным условием в обучении студента, его интеллектуального, творческого, нравственного развития. К примеру, для закрепления пройденного теоретического материала академия оснащена лабораториями, оборудованными

новейшей техникой, отвечающей современным требованиям.

Участие во встрече также приняли главные инженеры предприятий Алматинского узла. Они посетили лабораторию оперативного управления движением и логистикой на транспорте, которая представляет комплекс тренажеров дежурного по станции и поездного диспетчера. Причем рабочие места комплекса полностью соответствуют действиям ДСП в реальных производственных ситуациях. Чтобы имитировать поездную и маневровую работу, задается поездная ситуация скорости движения поездов, и будущие специалисты практически показывают свои способности на деле. А также учебные лаборатории: «Сортировочная станция», «Railways Simulation «OpenTrack», «Электротехника и основы электроники» и другие.

(Продолжение на 3-й стр.)
Фото автора

БИЛЕТТЕРГЕ – ЖЕҢІЛДІК

Ұлан ОРАЗ,
Астана



«Жолаушылар тасымалы» АҚ теміржол билеттеріне жеңілдік жариялады. Жолаушылар 15, 22 ақпанда және 1, 8, 15 наурызда жүретін пойыздарға билеттерді 50% дейінгі жеңілдікпен сатып ала алады.



Акциямен сатылатын билеттер ең алдымен Алматы – Астана – Алматы бағытымен қатынайтын № 3/4 «Тұлпар-Тальго» және №9/10 «Бәйтерек» пойызына; сонымен қатар №37/38 Маңғыстау – Семей – Маңғыстау; №45/46 Павлодар – Түркістан – Павлодар; №47/48 Атырау – Астана – Атырау; № 65/66 Жезқазған – Астана – Жезқазған (Тұлпар-Тальго); № 79/80 Астана – Арқалық – Астана (Тұлпар-Тальго); № 81/82 Астана – Қостанай – Астана (Тұлпар-Тальго); №313/314 Атырау – Маңғыстау – Атырау; №613/614 Бейнеу – Орал – Бейнеу; №623/624 Астана – Петропавл – Астана бағытындағы жолаушы пойыздарына сатылады.

«Алтын», «Күміс», «Жастар», «Саяхатшы» жеңілдік карталарын ұстаушылар қосымша жеңілдік ала алады. Жолаушылар пойыздарының қозғалыс кестесі бойынша анықтамалық ақпаратты әдеттегідей «1433» нөмірі бойынша және Bilet.railways.kz сайтынан алуға болады.
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕНІ ҰШТАСТЫРЫП...

Айсұлтан АРМАН,
Маңғыстау



М.Тынышбаев атындағы Ақтау көлік колледжінде оқып жатқан болашақ теміржолшылар түрлі тәжірибеден өтіп, байқауларға қатысып, өсімі білімдерін жетілдіре түсуде.



Екінші курста оқитын бір топ студент теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру мақсатында теміржол мекемелерінде сынақтан өтуде. Сондай-ақ жуырда колледждің бір топ студенттері «Теміржол рельс тізбектері қондырғыларының жұмыс жасау принциптерімен танысу» тақырыбында ұйымдастырылған арнайы тәжірибелік сабаққа қатысып, аты айтып тұрғандай, рельс тізбектерінің қыр-сырына қанықты. Ал «Каскор-Транссервис» теміржол мекемесінде өндірістік тәжірибеден өтіп жатқан студенттерге сигнал беру, орталықтандыру, бұғаттау және байланыс учаскесінің бастығы А.Аманжолтың басшылығымен тәжірибелік дәрістер өтіп жатыр.

«Worldskills Ақтау-2023» чемпионатының колледжішілік ашылу кезеңі 13 ақпанда басталды. Жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттырып, мамандыққа шеберлік дағдыларын дамытатын бұл байқаудың ашылуы салтанатты түрде ұйымдастырылды. Оған облыстық білім басқармасы, теміржол саласының, «Атамекен» палатасының аймақтық филиалының өкілдері қатысып, лебіздерін білдірді.

Чемпионатта колледжден 48 білім алушы сегіз құзыреттілік бойынша бақ сынады. Олар: Логистика; Автоматика, телемеханика және теміржол көлігіндегі қозғалысты басқару; Теміржолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету; Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану; Теміржол құрылысы, жол және жол шаруашылығы; Теміржол көлігінде тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару; Жол қозғалысын ұйымдастыру; Теміржолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету.

Суретті түсірген автор

ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАТАҢДАТЫЛУЫ ҚАЖЕТ

(Соңы. Басы 1 бетте.)

Сонымен қатар Қарағанды облысына қарасты Жаңаарқа, Ақтөбе өңіріндегі Жіңішке, Алматы облысындағы Достық станцияларында жерасты жаяу жүргіншілер өткелін салу қарастырылған. Осы ретте Алматы облысының Шамалған станциясында болған атышулы қайғылы оқиғадан кейін, сол станцияда жаяу жүргіншілер көпірі салынғанын, алайда адамдардың оны пайдаланбай, теміржолды тіке кесіп өтіп, өмірлерін қатерге тигулерін жалғастырып жатқаны да сөз болды. Сондықтан теміржол бойында жүріп-тұру ережесін өрескел бұзып, қауіпсіздікті сақтамаған адамдарға әкімшілік-қылмыстық жауапкершілікті қатаңдату мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ тарапынан ҚР ӘДІлет министрлігіне айыппұлды ұлғайтуға қатысты ұсыныс жіберілгенін



жанына қатысушылар бірауыздан мақұлдады. Жауапкершілік қатаңдатылуы қажет.

Қауіпсіздік мамандарының айтуынша, білім беру мекемелерінде түсіндіру-алдын алу шаралары жүргізіліп, үш айда бір «Теміржолда адамдардың болуы ережелері» тақырыбында бейнероликтер көрсетіліп тұрады. Сонымен қатар сала мамандары құқыққорғау органдарымен бір-

лесіп бөгде адамдардың теміржол көлігі аймағында жүруін болдырмау үшін рейдтер өткізіп және де болат жол бойында тұратын тұрғындарға малды бағу, қауіпті аймақта жүру ережелерін тұрақты түрде түсіндіріп, ескертіп келеді. Сондай-ақ техникалық мүмкіндігі бар вокзалдарда темір жолдарды кесіп өту ережелері бойынша профилактикалық бейнероликтер көрсетіледі. Трансляция Астана,

Нұрлы жол, Көкшетау, Бұрабай курорты сияқты еліміздің ірі 12 вокзалында да жүзеге асырылуда. Алайда, осындай маңызды шаралардың жасалып жатқанына қарамастан адамдардың арнайы жабдықталған өткел, көпірлерден өтпей, теміржолды кесіп, қауіпсіздік ережесін өрескел бұзуы тыйылар емес. Ол ол ма, оңтүстік аймақтарда тұрғындардың қоршауларды әдейі бұзып, бүлдірген жайттары да жиі тіркеледі.

Жиын соңында жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін кеңеске қатысушылар теміржолшылардың құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдармен тығыз қарым-қатынас орнатып, ал Алматы, Шымкент, Ақмола және Қызылорда жол бөлімшелерінің басшыларына профилактикалық жұмысты күшейту ұсынылды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

МОДУЛЬДІК МҮМКІНДІК: ТИІМДІ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫ



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

«Жақсыны көрмек үшін» демекші, дистанцияның шалғайдағы бекеттерінің біріне қойылған модульдік ғимаратты көзімізбен көру үшін арнайы бардық. Ұлпан станциясындағы модульдік ғимараттың мүмкіндігі де, тиімділігі де мол екенін дистанция жұмысшылары жарыса айтып жатыр. Расымен, шағын ғана үйшікте адам баласының қажеттілігі үшін барлық жағдай жасалған. Стандартты ғимараттарда ауыз су, су жылытқыш, душ, тоңазытқыш, қысқатолқынды пеш, теледидар, жаз мезгілінде салқындатқыш кондиционер тәрізді тұрмыстық қажеттіліктердің бәрі бар.

– Теміржолшылардың жағдайын жасау, әлеуметтік қолдау бірінші кезекте тұр. Ұлпан бекетіндегі модульдік ғимараттың

Шалқар белгі беру және байланыс дистанциясы жаңа модульдік үлгіде жабдықталған ғимараттардың игілігін көріп жүр. Шалғайдағы бекеттерде еңбек ететін теміржолшылар үшін қолайлылық арта түсті.



қазір бізде жетеуі бар. Кәдімгі үй, жатын орны да бар, жақсы жабдықталған ғимарат қатынап жұмыс істейтіндер үшін аса тиімді де қолайлы болып отыр. Өткен жылы төртеуі, биыл үшеуі келді. Электр жылытқыш қойылғандықтан қыстың ызғарлы күндерінде жып-жылы болып тұрады. Жазда желдеткіші бар. Қажетті тұрмыстық бұйымдармен толық қамтылған, жұмысшыларымыз дән риза, – дейді Шалқар белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы Айдар Еңсепов.

Модульдік үйшіктер жұмысқа жақын жерлерге орналастырылған. Шұғыл қажет болған кезде жұмыс орнына жетуге уақыт жоғалтпайды. Ішінде байланыс жүйесі де қондырылған. Түнгі жұмыстарға шыққан кезде де барып-келуге ыңғайлы.

– Осы модульде тұрамын, барлық жағдайы бар. Бұрын қатынап істеп, туыстарымның үйінде тұрып, әуреге түсіп жүруші едім, мынау бір рахат болды, – дейді Ұлпан бекетінің электрмеханигі Азамат Нұртазин.

Теміржолшылар осыған дейін желі бойындағы елсіз жерлердегі құрылыстардың күтіміне қаншама уақыт жоғалтса, бүгінде осындай үйшіктерге қона жатып жұмыс істеу әлдеқайда тиімді екенін айтады.

Дистанция басшылығымен осындай модульдік ғимараттың 18-іне тапсырыс берген. Қазір жетеуі бар. Шалғайдан қатынап жұмыс істейтіндер үшін алдағы уақытта көбейтуді жоспарлап отыр.

Суреттерді түсірген автор

ӨТКЕЛДЕР МӘСЕЛЕСІ ӨТКІР ТҮР



ҚАУІПСІЗДІК

Ерман ӘБДИЕВ,
Жамбыл

Өрине күзетілмейтін өткелдердің бірқатарына бағдаршам мен шлагбаум қойылған. Алайда мұны ескеріп жатқан жүргізушілер жоқ. Соңғы алты жылда елімізде теміржолда адамдарды пойыз басып кетудің 728 фактісі тіркелгені жаға ұстатады. Оның 442 фактісі бойынша азаматтар оқиға орнында қаза тапса, 286 азамат түрлі жарақат алған. Соның ішінде бір ғана Тараз станциясы мен айналасы бойынша 41 факті тіркеліп, 24 азамат қайтыс болған, 17 азамат жарақаттанған. Жазатайым оқиғалар жиі орын алатын учаскелер – Құмшағал – Шөлдала, ОП 115-Түлкібас, Ақшалақ-Ақыртөбе телімдерінің арасы. Ал Шу станциясы бойынша алты жылда 17 оқиға тіркеліп, оның 15-і қайғылы оқиғамен аяқталған. Шу – Мойынты телімінде келеңсіз оқиға көп орын алатын учаскелер – Шу, Хантау және Сарышаған станциялары. Осы елді мекендер төңірегіндегі теміржол өткелдерінде жол-көлік апаты жиі орын алып, жергілікті әкімдіктер дабыл қағып, теміржол басшыларына хат жолдап отыр екен.

Ал Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі мен Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің басшылығы бұл мәселе бойынша Жамбыл облысы әкімдігі мен Жамбыл облысы полиция департаментінің басшылығына және облыс әкімдігінің автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі басқармасына

Соңғы кезде теміржол өткелдерінің дені күзетілмейді. Өйткені, тәулігіне 3000-нан төмен көлік өтетін теміржол өткелдері ҚР Индустрия және инфрақұрылым министрлігінің Теміржол өткелдерін пайдалану ережесіне түзетулер енгізуіне орай күзетілмейтін болған.



хат жолдаған.

Онда төмендегі жағдай баяндалған. Атап айтқанда, өткен жылдың 1 қарашасында Тараз-Шу телімінің бойында, Қорағаты – Тәтті станцияларының аралығында жол-көлік оқиғасы орын алып, 6 азамат қайтыс болды. Жеңіл көлік жүргізушісі №78 бағыттағы «Маңғыстау-Алматы» жолаушылар пойызын байқамаған. Бұл өткел кезекшісіз, яғни күзетілмейтін өткел санатына кіргізілген. Сондай-ақ 3 қараша күні Тараз – Шу телімі бойындағы Түркістан станциясында 9 оқиға орын алып, алты азамат қайтыс болған. Түркістан станциясында төрт жеңіл көлік пен бір шағын автобустың шлагбаум мен бағдаршамның ескерту белгісіне қарамай өткені анықталған. Ақыртөбе – Малдыбай, Тәтті – Аспара телімінде де келеңсіз оқиғалар қайталанған.

– Біз облыс әкімшілігіне осы жайттарды баяндап, жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында өткелдерге жол белгілерін қою, «SERGEK» бейнебақылауын орнатуды сұрадық. Теміржол өткеліне жақындаған

тұста жылдамдықты сағатына 40 км түсіру белгісін де орнату қажет. Сондай-ақ бізге хат жазған Т.Рысқұлов ауданы Ақыртөбе ауылының әкімі станция бойындағы теміржол өткелінің күзетілетін санатқа енгізілуін сұрайды. Станциядағы теміржол өткелінен Құмарық-Ақыртөбе бағытындағы маңызды күрежол өтеді екен. Оларға бұл біздің құзыретімізде емес екенін айтып жауап бердік. Оның үстіне бізге жауап берген ОПД ішкі жолдар мен теміржол өткелдеріне жақын тұста сағатына 40 километр деген жол белгісін орналастыру аса қажет емес екендігін айтады. Ал басқарма өткелдерге «SERGEK» бейнебақылауын орнату тиімсіз екендігін алға тартуда, – дейді Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің директоры Сұлтан Борамбаев.

Тонда қалай, «сен салар да мен салармен» өткелдер мәселесін назардан тыс қалдырып, жыл сайын қайғылы оқиғалар қайталанса бермек пе? Күзетілмейтін өткелдерге кім жауапты?

Суретті түсірген автор

ЭФФЕКТИВНЫЙ СЕКРЕТАРЬ: SMART & TALENTED



АКТУАЛЬНО

В АО «НК «КТЖ» всегда отмечают, что основной и главный капитал компании – это люди. В ней уделяют много внимания вопросам обучения работников всех сфер деятельности. Так, в центральном офисе компании в начале этого года организовано обучение, согласно корпоративной программе развития «Секретарь-PRO», по итогам которого 42 секретаря обрели новые навыки и знания.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Основными заказчиками обучения выступили начальник службы канцелярии АО «НК «КТЖ» Сауле Борамбай и директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «КТЖ» Сауле Истлеева. Главные цели – повышение уровня личной и командной эффективности; выявление эффективных инструментов внутренних коммуникаций; улучшение этики поведения и понимание бизнес-приоритетов компании. А предпосылками обучения выступили перевод функции секретарей на аутстаффинг, развитие компетенций с учетом вызовов по оптимизации и цифровизации бизнес-процессов.

Программа нынешнего обучения насыщена и необычна. В условиях постоянных изменений, трансформации и цифровизации бизнеса, внешних вызовов и рыночных изменений основная цель для нас – развитие профессиональных и личностно-деловых компетенций каждого работника, – говорит директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «КТЖ» Сауле Истлеева.

По ее словам, в основе приоритетных задач и целей 2023 года в области управления персоналом КТЖ лежат ожидания бизнеса и акционеров по повышению производительности труда, развитию эффективной корпоративной культуры, усилению компетенций работников, повышению роли ответственности за бизнес-результаты.

Очень качественную информацию по управлению документацией до слушателей программы донесла Сауле Борамбай со своими коллегами, по управлению эффективностью – Сауле Истлеева, по кодексу этики и поведения – Бекет Акпан, Алма Саулебаева, цифровым навыкам – Аягз Темирова, эмоциональному интеллекту – Меруерт Жумаханова, делопроизводству – Карлыгаш Батталова, и другие спикеры. Секретарю очень важно установить деловые

контакты с сотрудниками всех подразделений компании. Поэтому обучение проходило при помощи интенсивной коллаборации (интерактивные занятия, практика полученных знаний, обратная связь от экспертов, нетворкинг). Очень понравилось обучающимся проходить кейсы и задачи в групповой работе. К примеру, необходимо было создать памятку по заданным темам: подготовка служебных записок председателю правления АО «НК «КТЖ»; регистрация контроля за движением входящих документов; архивное делопроизводство; учет, использование и хранение печатей, штампов и фирменных

Одной из самых важных задач и, пожалуй, особенностей эффективного секретаря является успешное ориентирование в информационном море, знание, где и как искать нужную информацию.

бланков АО «НК «КТЖ»; подготовка памяток/инструкций по работе с MS Outlook, MS Planner, Zoom, ЭДО. Также секретари решали различные ситуационные задачи.

Сейчас весь мир переживает время информационного бума. Одной из самых важных задач и, пожалуй, особенностей эффективного секретаря является успешное ориентирование в этом информационном море, знание, где и как искать нужную информацию.

Спикеры во время обучения подчеркнули, что эффективный секретарь, как правило, отличается инициативностью, умением принимать самостоятельные решения в пределах своей компетенции, не дожидаясь указаний руководителя по каждому поводу. Поэтому особое внимание было уделено расширению профессиональной эрудиции, кругозора, повышению способности решать разнообразные деловые задачи.

– Секретарь занимается решением огром-

ного количества вопросов: ведет переговоры по телефону, организует личные и деловые встречи, принимает участие в совещаниях и собраниях, помогает в организации приема руководителем посетителя, планирует и готовит командировки, осуществляет поиск информации, необходимой руководителю, и подготовку требуемых материалов и документов. Эффективность этой работы зависит от квалификации и личных качеств секретаря, от его оперативности и подготовленности, – говорит HR-бизнес-партнер Алма Саулебаева.

– Я благодарна за возможность встретиться с коллегами, обменяться опытом, получить новые навыки, которые смогу применить в своей работе. Элементарно, оказывается можно быть гораздо эффективнее, используя все возможности оутлука. Курс был насыщенный, спикеры опытные в сфере корпоративного управления, все очень понравилось. Курс состоял из тем, которые отражают нашу деятельность. Интересны были разборы ситуаций. Совершенству нет предела. Мы всегда должны себя развивать. Я счастлива, что пришла на обучение, – говорит Құбаш Жанерке.

Участники также отметили, что такие встречи помогают им ставить общие цели, делиться знаниями и находить новые инструменты.

– Это мегаполезное для всех нас обучение. Отдельными компонентами курса стали вопросы критического мышления, коммуникативная компетентность, этики и имиджа. Понравилось четкое и понятное изложение материала, разбор кейсов и интерактивное общение. Была оказана реальная помощь и даны практические советы. В результате прохождения курса, считаю, поменялось мое мышление относительно должности секретаря, – отмечает Анжела Татиева.


– Обучение прошло очень продуктивно и эффективно, я получила массу полезной информации, приобрела новые знания, состоялся обмен опытом, встреча с интересными людьми, – говорит Аружан Құлжан. По мнению Азизы Бейсембаевой, программа насыщенная, содержательная, особенно для начинающих секретарей. Спикеры – профессионалы своего дела. Очень интересные кейсы, имеющие практическое значение.

– Хочу высказать слова благодарности за хорошую организацию программы. Я стараюсь постоянно повышать свою квалификацию и знать тонкости в деятельности секретаря. Мне понравилось, что есть возможность взаимодействовать и обсуждать. Спасибо за деловые кейсы. Мы готовы развиваться дальше, – считает Мадина Амангельдиева.

Фото автора

ВМЕСТЕ – ПРОТИВ ТЕРРОРА

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ОБУЧЕНИЕ

В Костаное состоялся семинар на тему «Антитеррористическая безопасность и гражданская защита на железнодорожном транспорте Костанайского региона» с участием сотрудников филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» и филиала АО «НК «КТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети».



Как сообщила инженер по организации и ведению гражданской обороны филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Алтынай Бекмагамбетова, данный семинар проводился с участием представителей полиции области, информационно-разъяснительной группы по вопросам религии, отдела по защите государственных секретов, профилактики терроризма, отдела мобилизационной подготовки, чрезвычайным ситуациям и гражданской защите государственного учреждения «Аппарат акима города Костаная» сотрудниками линейного отдела на станции Костанай. Всего в здании вокзала, где проводился семинар, собрались 32 участника. Перед собравшимися выступили работники вышеназванных ведомств, ответственные за антитеррористическую деятельность филиалов «Костанайское отделение ГП», «Костанайское отделение магистральной сети», а также структурных подразделений и организаций железнодорожного транспорта региона. В ходе семинара присутствующие также выслушали лекции на темы: «Действия персонала объекта при угрозе совершения или совершенном акте терроризма», «Правовая ответственность за совершение ложного сообщения об акте терроризма», все это сопровождалось демонстрацией слайдов и видеороликов. После ознакомительно-образовательной части семинара его участники провели обсуждение вопросов технической оснащённости объектов, подтвержденных террористической опасностью, и тематики программы обучения работников. Для всех участников, по их признанию, данное мероприятие оказалось очень полезным, востребованным и познавательным.

Фото автора

ВРЕМЯ НАВОДИТЬ МОСТЫ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

Вопросы по снижению возраста выхода на пенсию сотрудников, работа которых связана с высоким риском опасности, и многие не менее актуальные темы обсудила заместитель председателя Федерации профсоюзов РК Гульнара Жумагельдиева с членами первичной профсоюзной организации Екибастузской дистанции пути в ходе онлайн-встречи.

В мероприятии, организованном в рамках акции ФПРК «Как живешь, первичка?», также приняли участие председатель отраслевого профсоюза «Казпрофтранс» Оразгали Ахметбаев, председатель профсоюзного центра Павлодарской области Динара Айтжанова и председатель павлодарского филиала ОО «Казпрофтранс» Рафаил Сабаров.

Председатель профсоюзного комитета дистанции пути Марат Садвокасов в свою очередь рассказал о работе профсоюзного комитета по созданию достойных условий труда, деятельности технических инспекторов труда в составе производственного совета, разработке и принятию Коллективного договора, поддержке ветеранов труда и молодежи, в том числе предоставлении дополнительных льгот и гарантий сотрудникам.

– Одно из основных направлений работы первички – это общественный контроль за безопасностью и охраной труда, осуществляемый техническими инспекторами по охране труда. Главная цель – защита прав работников, – сказал Марат Садвокасов.

Опыт работы с участниками встречи поделилась ведущий инженер по охране труда и технике безопасности Екибастузской дистанции пути Зарина Свистунова.

– Главное на нашем предприятии – это охрана здоровья и защищенность от воздействия опасных факторов каждого работника. Совместно с профсоюзом строит свою работу техническая инспекция, проводятся разъяснительная работа, обучение, работа производственного совета. За пять лет нам удалось добиться показателя нулевого травматизма, – сообщила железнодорожница.

Сегодня Федерация профсоюзов РК с Министерством труда и социальной защиты прорабатывает вопросы повышения статуса технических инспекторов. На коллегии МТСЗН РК председатель Федерации профсоюзов поднял проблемные темы, касающиеся оплаты труда, обеспечения безопасных условий труда, снижения пенсионного возраста.

– Сейчас федерация готовит предложения в Национальный обзор по охране труда, а также принимает участие в разработке Концепции безопасности и охраны труда до 2025 года. Мы подняли вопросы о том, что необходимо пересматривать подходы в сфере охраны труда, есть вопросы по применению степени ответственности между работником и работодателем, – подвела итоги онлайн-встречи Гульнара Жумагельдиева.

СОЮЗ НАУКИ И ПРОИЗВОДСТВА

(Окончание. Начало на 1-й стр.)

В рамках встречи состоялся технический совет, где о планах Академии логистики и транспорта в области образования и науки рассказали президент-ректор академии Салтанат Амиргалиева и представитель МСЖД в странах СНГ и ОСЖД Ирина Петрунина. В своем выступлении главный инженер АО «НК «КТЖ» Батыр Котырев отметил, что на сегодняшний день парк подвижного состава группы компании насчитывает 1 689 локомотивов, 49 093 (КТТ – 48 742; КТЗЕ – 351) – грузовых вагонов, 2 332 пассажирских вагонов.

При этом уровень износа составляет: локомотивов – 53%, грузовых вагонов – более 50%, пассажирских вагонов – 45%,

инфраструктуры железнодорожной магистральной сети – 59%. Как он отметил, в настоящее время отрасль железнодорожного машиностроения насчитывает более 200 предприятий, которые обеспечивают рабочими местами свыше 12 тысяч человек. Уровень казахстанского содержания в производимой продукции находится в диапазоне от 30% до 80%.

Также было отмечено, что в период прошлого года в компании проводились 92 опытно-конструкторские работы, в том числе разработано 16 технических заданий.

В рамках работ по повышению уровня локализации и производства железнодорожной продукции освоено 23 вида новой железнодорожной продукции.

Проводится работа по испытанию новой техники и технологий.

– Компанией активно проводятся опытно-конструкторские работы, и мы ожидаем что профессорско-преподавательский состав академии вовлечется в указанный процесс. Активно задействованы на всех этапах разработки НИОКР: подготовки технического задания, конструкторской, технологической документации и проведения всех видов испытаний. По нашему опыту, эффективная организация НИОКР начинается с формирования идей, – подчеркнул Батыр Котырев.

По его словам, на стадии научно-исследовательских работ проводятся необходимые изыскания, исследования, моделирования, создание прототипов.

В МАШИНИСТЫ Я Б ПОШЕЛ...



ПРОФИЛАКТИКА

Илецкие железнодорожники совместно с педагогическими школами проводят не только профилактическую, но и профориентационную работу с подростками поколений. На станции Илецк для шестиклассников Соль-Илецкой школы № 9 проведена экскурсия по эксплуатационному локомотивному депо.

Яна ЛЕНИНА,
Илецк-1

Группу шестиклассников сопровождала классный руководитель Ирина Саранчукова. Именно она обратилась к руководству Илецкого эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-27) с просьбой о проведении ознакомительной экскурсии с целью формирования представления об особенностях работы железнодорожного транспорта, развития познавательного инте-

реса к железной дороге, изучения правил безопасного перехода через железнодорожные пути.

Ребята на территорию локомотивного депо провели по служебному переходу. Попутно начальник сектора производственной безопасности Оксана Стасенко объяснила основные правила безопасности при переходе железнодорожных путей, почему нельзя играть вблизи железной дороги.

Началась экскурсия с посещения стелы, посвященной работавшим

в депо ветеранам Великой Отечественной войны, размещенной на территории ТЧЭ-27. Ребята почтили память минутой молчания. Затем они побывали в техническом классе, где проводятся занятия для машинистов и других технических специалистов. Главный специалист по безопасности движения Бекболат Давлетов рассказал школьникам, сколько и какие инструкции необходимо знать работникам железнодорожного транспорта.

После лекции ребята побывали в помещении дежурного по депо, нарядчика локомотивных бригад, где смогли понаблюдать за их работой, а заместитель начальника депо Александр Скрынников рассказал о сути работы локомотивных бригад. В цехе технического обслуживания локомотивов, где на ремонте находился маневровый ТЭМ2, школьникам показали не только сам процесс ремонта и что из себя представляет тепловоз снаружи, но и разрешили подняться в кабину машиниста, посмотреть, как локомотивом управляют.

В ходе экскурсии ребята задавали множество вопросов о железной дороге: какова протяженность станции, длина состава, какие бывают тепловозы и как научиться управлять локомотивом, – все им было интересно. Школьникам экскурсия очень понравилась, они настолько увлеклись, что не хотели уходить.

ТІЛ БІЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ



Бірнеше жыл бұрын «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызметкерлері арасында ағылшын тілін меңгеру үрдісі белең алды. Жаппай ағылшын тіл сындыруға көшкен жолсеріктер бастамасы қандай нәтиже берді?



Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Нұрболат Байпақов – «Батыс» жолаушылар тасымалы филиалына қарасты «Ақтөбе-Атырау» жолаушылар пойызының бастығы. Осыдан отыз жыл бұрын, 1992 жылы еңбек жолын бастаған ол кезінде халықаралық пойыздарда жолсерік болыпты. «Алматы-Мәскеу» бағытындағы жолаушылар пойызында да жабылғанша бірнеше жыл жүрді. Тәжірибелі маман бүгінде өз алдына бір құрамды басқарып отырған пойыз бастығы болған соң жауапкершілік еселеп артқанын, бұрын бір вагонға жауап берсе, бүгінде бүкіл құрамға жауапты екенін айтады. Нұрболаттың бригадасы – ағылшын тілі курсына қатысып, тіл үйренуге ықылас қойған алғашқылардың бірі.

«Жолаушыларға сервистік қызмет көрсететін жолсеріктер мен аспансеріктерге ағылшын тілін меңгеру қажеттігі ЭКСПО кезінде өзекті бола түсті. Ағылшын тілінде еркін сөйлеп кету оңай емес әрине, дегенмен жолаушыларға қызмет көрсету барысында қолданылатын қажет сөздерді үйрендік. Арнайы курс бітіріп шыққанбыз. Қазіргі кезде жетілдірудеміз. Негізі, тіл білу – қажеттілік. Халықаралық пойыз болмаса та ел ішінде жүрген шетелдіктер мінеді. Саяхаттап жүретіндер болады. Біздің жолсеріктер мақтанайтып отырады, «Шетелдік жолаушымен ағылшын тілінде түсіністік, риза болып қалды...» деп. Демек, біреу үшін емес, әркім өзі үшін тіл үйренгені жөн, қай жаста болсаң да», – дейді Нұрболат Байпақов.

Соңғы сегіз жылдан бері 691-692 нөмірлі «Ақтөбе-Атырау» пойызының бір бригадасын басқарып отырған кейіпкеріміздің баса мән беретіні тазалық мәселесі екен. «Тазалық бар жерде сервис те бар, басқа да бар. Әр сапарда 400-ге жуық жолаушының вагонда өз үйінде отырғандай жайлы сезінуі үшін қызмет көрсету – біздің міндетіміз, сол үшін жалақы аламыз. Осыны жолсеріктерге сапар сайын қайталап отырамын», – дейді кейіпкеріміз.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

БОЛАШАҚТЫҢ ӨЗ «ЖҮЛДЫЗЫ» БАР



Болашақ станциясының тұрғыны, «Теміржолсу-Маңғыстау» мекемесінің шебері Бақытжан Битиковті жерлестері «біздің жұлдызымыз» деп мақтан тұтады. Расымен, ол – болашақтықтардың ақыны, сазгері мен әншісі, ауыл-елдің бірде-бір мерекесі онсыз өтпейді.

Өлеңнің сөзін де жазып, әнін де шығарып, оны домбырамен мақамына келтіріп орындайтын жігітті «сегіз қырлы, бір сырлы» десе болғандай. Дегенмен, кәсіби теміржолшы болғанын өнердің соңына түсіп, жұлдыз болуға ұмтылған емес. Ауылдастары мен әріптестерінің қолқалауымен арадік түрлі байқауларға қатысып, бағын сынады.

– 2016 жылы Астанада өткен халықаралық «Жарық жұлдыз» авторлық ән байқауына қатысып, диплом алдым. 2018 жылы Қазақстан авторлары мүшелігіне өтіп, 2019 жылы Алматы қаласында Әлем бейбітшілік қоғамының «Өнерге үлес қосқаны үшін» медалімен марапатталдым. Былтыр желтоқсанда «Шайыр Шынберген» I республикалық ән байқауынан «Серіден сыбаға» аталымы бойынша бірінші орын алдым. Дегенмен соңына түсіп өнер қумақ оным жоқ, ауыл-елге қызмет етсем болды, кейде



әлеуметтік желіге жүктеп қоятыным ғана бар, – дейді Бақытжан Битиков. Болашақ станциясымен болашағын байланыстырған кейіпкеріміз – төрт перзент тәрбиелеп отырған жарасымды отбасы иесі.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

ANTI FRAUD ПРОТИВ МОШЕННИКОВ



В связи с усовершенствованием информационных технологий в Карагандинском регионе увеличивается количество мошеннических действий.

С 7 февраля текущего года на обслуживаемом участке линейного отдела на станции Караганда-Сортировочная проводится оперативно-профилактическое мероприятие Anti fraud, что в переводе с английского означает борьба с мошенничеством. Мероприятие включает в себя программные комплексы для предотвращения мошеннических транзакций. На сегодняшний день антифрод-решения анализируют каждую транзакцию и присваивают ей метку, характеризующую ее надежность.

В ходе проведения ОПМ «Anti fraud» сотрудники ОКП ЛОП и представители АО «Народный банк» на станции Ка-

раганда-Сортировочная в целях предупреждения мошенничества провели лекционные занятия с работниками ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» и АО «НК «КТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети».

По словам лейтенанта полиции Караганда-Сортировочная Мухамеда Тлеужанова, как правило, анти-фрод-системы состоят из систем обнаружения мошенничества, предотвращения мошенничества, анализа, направленного на выявление, пресечения и раскрытия правонарушений в сфере информационных технологий.

Светлана МОГАЙ, Караганда

Твои люди, магистраль!

И ОДИН В ПОЛЕ ВОИН

Тают ряды ветеранов Великой Отечественной войны. На сегодняшний день в Уральске осталось 13 фронтовиков, они несут вахту памяти и за своих товарищей. Первоцелинник, железнодорожник, футболист Борис Шолубай не сдастся – 13 февраля он отметил свой 99-й день рождения. В этот день его тепло поздравили работники Уральской дистанции сигнализации и связи.



Уроженец Винницкой области Украинской ССР, Борис Сергеевич в начале войны был направлен на уборочную под Луганском, затем – на строительство оборонительных сооружений на Днепре. Ему было только 17, и на фронт еще не призвали, но и тогда он чуть не погиб под артобстрелом фашистов, что форсировали Днепр.

Переждав авианалет, трое смельчаков сумели добраться до райкома комсомола. Их отправили на крупнейший металлургический комбинат им. Сталина в Челябинской области. Но ребята не могли «прохлаждаться» в тылу и добились отправки на фронт, написав письмо Сталину. Шолубая направили в Башкирию в военно-пехотное училище, а в мае 1943-го – на передовую.

Он воевал на 2-м Украинском фронте, в легендарной 8-й гвардейской армии под командованием генерала Чуйкова.

Освобождая Запорожье, получил первое ранение в ногу. Лишь через полтора месяца из госпиталя смог сообщить родным, что жив. В составе запасного стрелкового полка 239-й армии 4-го Украинского фронта прошел всю Западную Украину. Второе ранение получил уже на территории Венгрии. В сознание пришел только в госпитале, осколком разворотило плечо, до сердца едва не достало, потерял слух и речь. А домой опять ушла похоронка: «Погиб смертью храбрых...»

Домой 21-летний старший лейтенант вернулся в феврале 1945-го инвалидом II группы. За боевые заслуги награжден орденом Отечественной войны II степени. И взялся за восстановление разрушенного хозяйства родного края. Затем восемь лет служил в частях МВД в Коми АССР, где активно играл в футбол, выступая в команде мастеров.

В 1951 году женился, вернулся на родину, работал учителем физкультуры.

А в 1955-м отправился в Казахстан на освоение Целины, получив профессию тракториста широкого профиля с квалификацией слесаря. К тому времени у него было двое сыновей, они часто болели из-за холодов. Семья Шолубай перебралась в Бурлинский район Уральской области, где в 1961 году у них родилась дочь. Борис Сергеевич и здесь создал крепкую футбольную команду.

На железную дорогу ветеран устроился в 1975-м электромонтером СЦБ на разъезд Санкыбай, где работал до самого выхода на пенсию. Кроме отличного труда, были в его биографии разные случаи. Движение поездов в те годы было интенсивным, каждые 15-20 минут. При обходе участка Шолубай обнаружил, что недалеко от горловины слетел рельс, а на

подходе пассажирский поезд Алма-Ата – Москва. Сообщил диспетчеру, чтобы перевели стрелки на вторую ветку, и вызвал путейцев. Крушение предотвратили. Был случай, когда он чуть не погиб от рук сбежавшего преступника, но сумел его заговорить до прибытия милиции.

Шолубай прожил в Казахстане 30 лет, вырвавшись с супругой троих прекрасных детей. Считает, что это были его лучшие годы. В 1984 году они уехали в совхоз Чапаевский под Запорожьем, через 12 лет пришлось пожертвовать ступней – старые раны. Вскоре овдовел, а в 2014 году дети убедили вернуться в Уральск. Как инвалид по зрению, он получил здесь специальный телефон и пенсию.

В день рождения его поздравили директор Уральской дистанции сигнализации и связи Магды Тугультаев, председатель профкома Нурлан Амертаев и менеджер по персоналу Зухраб Бейлов. Они частые гости в этом доме, любя послушать его знаменитые «шолубайки», помогают во многих вопросах. Несмотря на солидный возраст, Борис Сергеевич следит за новостями, пишет стихи, справился с ковидом и намерен перешагнуть вековой рубеж.

Анна ПАНИЩЕВА, Уральск
Фото автора

Спорт

«Самұрық Қазына» АҚ сатып алу саласы қызметкерлері арасында футбол бойынша әуесқойлар турнирі өтті. Он команда қатысқан жарыста «КТЖ» командасы 1-орын алды.



КТЖ КОМАНДАСЫ – ЖЕҢІМПАЗ

«КТЖ» командасының капитаны, компанияның көпфункционалды қызмет көрсету орталығы сатып алу жөніндегі департаменттің бөлім бастығы Батырхан Қалижанұлының айтуынша, теміржолдағы сатып алу саласы қызметкерлерінен құралған команда Самұрық Қазынаға кіретін барлық компания ойыншыларынан басым түскен.

– Әуесқой турнирге қатысқан 10 команда ішінде КТЖ-дан басқа Kegoc, QazaqGaz, Қазатомпром, Қазақтелеком, ҚазмұнайГаз, Самұрық-Энерго, Тау-кен Самұрық, Эйр Астана, СКК компанияларының ойыншылары болды.

Бәрі де сатып алу саласы бойынша мамандар. Біз ең бірінші Қазатомпром командасымен ойнап, ұтылды. Екінші ойын Қазақтелеком командасымен болды, оны және одан кейінгі командалардың бәрін ұттық. Екінші ойында Эйр Астана командасымен ойнап, оларды да пенальтимен ұтып кеттік, – дейді теміржолшы.

«КТЖ» командасы бірінші орын кубогы мен дипломын иеленсе, команда ойыншысы Эльдар Жұманбаев «Үздік қақпашы» аталымы бойынша марапатталды.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген автор

РАЗВЯЗКА ВПЕРЕДИ

На предстоящих выходных состоятся финальные игры первого круга турнира Узловой футбольной лиги UFL. Перед заключительным этапом определились три команды-лидера, набравшие наибольшее количество баллов. Однако главная развязка впереди.



Турнир, организатором которого выступила инициативная группа железнодорожников, стартовал в конце января. Игры проводятся каждую неделю, а победителя выберут по количеству набранных баллов.

По итогам четырех туров лидируют сразу три команды – филиала АО «НК «КТЖ» – «Центр диагностики пути», железнодорожного вокзального комплекса Астана и станции Нұрлы жол. В их активе – по девять баллов. Разрыв с обладателем четвертого места турнирной таблицы (Акмолинским филиалом по ремонту пассажирских вагонов АО «Вагонсервис» (ЛВЧДР-9) составил всего три очка.

– Несмотря на то что явные фавориты турнира уже определены, заключительный этап первого круга может преподнести сюрпризы. Многие игроки в командах-лидерах будут отсутствовать из-за полученных красных и желтых карточек, поэтому интрига сохраняется, – поделился руководитель оргкомитета, победитель международных турниров, монтер пути Астанинской дистанции пути Асет Аббаев.

Любовь РОВБА, Астана
Фото автора



ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ – БАЛЫҚ АУЛАУ

«Өзен жағалағанның өзегі талмас» дегендей, көптеген балықшылар үшін қысқы балық аулау бұл хобби ғана емес, бүгінде күнделікті азығы да. Ал Жайықтың бойында өскен халық үшін балық аулау – демалыстың кең таралған түрі.

Жуырда өңір теміржолшылары осындай жақсы демалыс күнін өткізді. Атырау жүк тасымалы бөлімшесі кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен «Қысқы балық аулау күні» өтіп, оған жүк тасымалы және магистральды желі бөлімшелерінің қырықтан астам жұмысшысы қатысты. Олардың әрқайсысы мұз астынан балық аулауда өз шеберліктерін көрсете тырысты. Балық аулаудың қызығына түскен адамды тоқтату мүмкін емес. Бұл жолы да мұз үстіндегі бәсеке қытымыр аязға қарамастан қыза түсті.

– Ұжымдағы командалық бірлік қашан да маңызды. Қысқы балық аулау жарысын ұйымдастырудағы мақсат – салауатты өмір салтын насихаттау, корпоративтік рухты және ұжымдардың өзара бірлігін нығайту. Жарысқа екі бөлімшеден қырықтан астам адам қатысуға ниет білдірді. Ішінде кәсіби балықшыға айналғандары да бар.

Мұз үстінде балық аулау – әрі қызық, әрі таза ауадағы тамаша демалыс. Теміржолшылардың бір сәт демалғаны да керек қой, – дейді спорт нұсқаушысы Ринат Иманғазиев.

Жарыс қорытындысы бойынша «Ең бірінші балықты аулаған» – Ақжайық белгі беру және байланыс дистанциясының электр механигі Б.Әбуғалиев, «Ең көп аулаған» – Атырау станциясы бастығының орынбасары Б.Аяуов, ал «Ең үлкен балықты» ұстаған Махамбет станциясының бастығы Ж.Қалиханов болды. Жеңімпаздар арнайы диплом және ақшалай сыйлықпен, ал барлық қатысушылар ынталандыру сыйлығымен марапатталды. Айта кетерлігі, шара барысында барлық қауіпсіздік шаралары алынып, балық аулау ережеге сәйкес жүргізілді.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау
Суретті түсірген автор

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакеева

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Нәдрібаев 8-778-409-78-59
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертая 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубая 8-702-843-27-97
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.